

## Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 91 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 маусымда № 28361 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысының әкімі*

*Г. Искалиев*

Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2022 жылғы  
23 мамырдағы № 91 қаулысына  
1-қосымша

## Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.12.2023 № 337 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері						
Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)						
Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде	9 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде	Туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, к а н т диабетімен ауыратын, әлсіреген	10,5 сағаттық режимі бар түзету	Толық емес күн болатын топта, жалпы білім беретін мектеп жанындағы

		шағын орталықтар	шағын орталықтар	және жиі ауыратын балалар тобында 10,5 сағаттық болу режимі бар	түріндегі топта	мектепалды даярлық сыныбында
қала	21 907	53 878	49 553	80 971	97 475	23 704
ауыл	11 901	60 119	55 100	-	-	26 477

Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2022 жылғы  
23 мамырдағы № 91 қаулысына  
2-қосымша

### Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.12.2023 № 337 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Аймақтың атауы	Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)				
		Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері				
		Тәрбиелеушілер саны	Балабақша / бөбекжай (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Балалар толық күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Балалар жарты күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар (3 жасқа дейін/3 жастан бастап)
1	Ақжайық ауданы	956	11500/12000	9000/9500	-	14500/15000
2	Бәйтерек ауданы	2008	14833/18595	14833/18595	-/9894	30371/34183
3	Бөкейордасы ауданы	573	12800/13000	-	-	-
4	Бөрлі ауданы	592	14000/15000	-	-	-
5	Жаңақала ауданы	1033	10500/13650	10500/-	-	14000/-
6	Жәнібек ауданы	668	11100/14100	-	-	-
7	Казталов ауданы	1376	14800/16500	8500/9000	-	4800/5000
8	Қаратөбе ауданы	670	13000/16000	-	-	16280/21560
9	Сырым ауданы	799	12772/15166	-	-	15200/16000
10	Тасқала ауданы	697	14300/17640	-	-	16000/18000

11	Теректі ауданы	1947	12156/17993	-	-	16000/16000
12	Шыңғырлау ауданы	582	14384/17217	-	-	-
13	Орал қаласы	19177	17000/19000	-/18000	-	35000/40000
14	Ақсай қаласы	2730	19000/20000	-	-	40000/45000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК